



## ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

**P-39**

### 5 басылым

	Қызметі	Аты-жөні	Қолы
Әзерленді	Ғылыми кадрларды даирлау департаментінің директорының м.а.	Есмурзаева А.Б.	
Келісілді	Ғылыми-зерттеу қызметі жөніндегі проректор	Колесникова К. В.	
Келісілді	Ғылыми-зерттеу қызметі жөніндегі департамент директоры	Ипалакова М.Т.	
Келісілді	Заң департаментінің директоры	Тыныстанбекова А.З.	
Келісілді	Персоналды басқару және құжаттама департаментінің директоры	Сунгуррова С. Е.	
Келісілді	СМЖ бойынша сарапшы	Кежембаева Ж.К.	

*Осы құжаттың басылған нұсқасы, егер осы құжаттың титулдық бетінде өзгешие белгіленбесе, бақыланбайтын көшірме болып саналады*

**МАЗМУНЫ**

1.	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР .....	3
2.	ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТИҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТАЫРУ .....	3
3.	ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ФУНКЦИЯЛАРЫ: .....	5
4.	ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҮМЫСТЫ ҚОРҒАУГА ЖІБЕРУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР .....	6
5.	КАФЕДРАДА ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕДЕ ДИССЕРТАЦИЯҒА АЛДЫН АЛА САРАПТАМА ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ.....	6
6.	ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСКЕ ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯЛАР ҰСЫНУ ТӘРТІБІ.....	7
7.	ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНІНДЕГІ ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ .....	11
8.	АПЕЛЛЯЦИЯНЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ .....	14
9.	ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУГЕ ЖӘНЕ КИТАПХАНАЛАРҒА ЖІБЕРУ ТӘРТІБІ .....	15
10.	ДОКТОРАНТЫҢ АТТЕСТАТТАУ ІСІН РЕСІМДЕУ ТӘРТІБІ .....	15
11.	ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ.....	16

## 1. Жалпы ережелер

- 1.1 Осы Диссертациялық кеңес туралы Ереже (бұдан әрі – Ереже) «Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті» АҚ (бұдан әрі – Университет) Диссертациялық кеңесінің мөртебесі мен өкілеттіктерін, сондай-ақ оның жұмыс тәртібін айқындайды.
- 1.2 Осы Ереже Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 актандығы № 407-IV «Ғылым туралы», 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІ «Білім туралы» Зандарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы» (бұдан әрі – Үлгі ереже), 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» (бұдан әрі – Ереже) бүйректары, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 1 қазандығы № 472 «Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін қорғалған диссертацияларды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы» бүйрекі, Пандемия кезеңінде білім беру үйымдарында COVID-19 коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шараларды қүшету туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 123 бүйрекі негізінде әзірленді.
- 1.3 Ережеде келесідей ұфымдар қолданылады:
  - ✓ «Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті» АҚ диссертациялық кеңесі (бұдан әрі – диссертациялық Кеңес) – докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін Университет жаңындағы алқалы мүше;;
  - ✓ Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор – ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша немесе кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантураларда бағдарламасын менгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тыс жерлерде диссертация қорғаған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған адамдарға берілетін дәрежелер.
- 1.4 Диссертациялық Кеңес диссертацияларды қорғау бойынша қабылданатын шешімдердің сапасы, объективтілігі мен негізділігі үшін жауап береді

## 2. Диссертациялық кеңестің қызметін ұйымдастыру

- 2.1 Диссертациялық Кеңес ЖОО-да кадрлар даярлаудың тиісті бағыттары бойынша 1, 2 және 3 жыл окуга мемлекеттік білім беру тапсырысы болған кезде күнтізбелік 3 (үш) жылға құрылады.
- 2.2 Диссертациялық кеңестің құрамы 7 (жеті) адамнан аспауы тиіс. Диссертациялық кеңестің барлық мүшелерінде ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар. Диссертациялық кеңестің кемінде 3 (үш) мүшесі басқа ЖЖОКБҰ-лардың, ғылыми және (немесе) басқа да үйымдардың өкілдері болып табылады.  
Диссертациялық кеңестің құрамында диссертациялық кеңестің 4 (төрт) мүшесі, оның ішінде төраға, төраға орынбасары және ғалым хатшы тұрақты мүшелер болып табылады.  
Диссертациялық кеңестің құрамында диссертациялық кеңестің 3 (үш) мүшесі докторлық зерттеу саласына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалады.  
Диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері ретінде докторанттың ғылыми кеңесшілері, сондай-ақ докторантпен немесе оның ғылыми кеңесшісімен үлестес тұлғалар:

- ✓ жақын туыстар – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер;
- ✓ диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тәң орындаушы) болып табылатын ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілген ЖЖОКБҰ-ның және (немесе) ғылыми ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және қызметкерлері;
- ✓ соңғы 3 (үш) жыл ішінде бірге жариялаған мақалалардың және шолулардың тәң авторлары;
- ✓ соңғы 3 (үш) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми кеңесшілер немесе ресми рецензенттер болған мамандар тағайындалмайды.

## 2.3 Диссертациялық кеңестің құрамына кірмейді:

- ✓ Университет ректоры;
- ✓ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қызметкерлері;
- ✓ соңғы 5 (бес) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша ғылыми консультанттар, жетекшілер болған мамандар кірмейді.

2.4 Диссертациялық кеңестің кемінде 4 (төрт) мүшесінде соңғы 5 (бес) жылда Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында Citescore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда кадрлар даярлау бағыттарына сәйкес келетін ғылыми салалардың бірі бойынша кемінде 3 (үш) жариялымдары болады.

2.5 Диссертациялық кеңестің тұрақты құрамы және ондағы өзгерістер, сондай-ақ кеңестің төрағасы, төраға орынбасары және ғалым хатшысы Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде Басқарма Төрағасы - Ректордың бүйрығымен бекітіледі.

## 2.6 Университет:

- ✓ диссертациялық кеңестің отырыстарын және диссертацияларды ашық түрде қорғауды өткізу үшін қажетті жағдайлармен, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдалану арқылы;
- ✓ диссертациялардың мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінде, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша тексерілуін қамтамасыз етеді;
- ✓ диссертациялық кеңестің қызметіне байланысты шығыстарды, оның ішінде диссертациялық кеңес мүшелерінің іссапар шығыстарын төлеуді қамтамасыз етеді.

## 2.7 Диссертациялық кеңестің төрағасы:

- ✓ Диссертациялық кеңестің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- ✓ кеңес отырыстарын жүргізеді;
- ✓ диссертациялық жұмысты қорғауға қабылдауды жүзеге асырады, қорғау мерзімін анықтайды;
- ✓ белгіленген талаптарға сәйкес диссертацияны қорғаудың жарамдылығының сақталуын қамтамасыз етеді;
- ✓ диссертациялық кеңестің қызметі мен жұмысын ұйымдастыруға жауапты болады.

2.8 Диссертациялық кеңес төрағасының орынбасары, егер Кеңес төрағасы қорғалатын диссертация бойынша ғылыми кеңесші болып табылса, сондай-ақ диссертациялық кеңес

төрағасы болмаған жағдайда, кеңес отырысын өткізу жөніндегі диссертациялық Кеңес төрағасының функцияларын орындауды.

**2.9 Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысының функциялары:**

- ✓ қорғауға қабылдау және қорғауды өткізу рәсімдерін ұйымдастыру;
- ✓ диссертацияны "Антиплагиат" жүйесі бойынша тексеруге, ЖЖОКБҰ кітапханасына, Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына, ресми рецензенттерге жіберу;
- ✓ диссертациялық кеңестің қызметі бойынша хат-хабарды жолдау;
- ✓ диссертациялық кеңестің сайтында материалдар мен ақпаратты орналастыру;
- ✓ диссертациялық кеңестің отырысын, оның ішінде бағдарламалық және техникалық күралдарды дайындау;
- ✓ диссертациялық кеңестің құжаттарын ресімдеу;
- ✓ Комитетке жолдау үшін құжаттар топтамасын дайындау.

Хат-хабарлар ғалым хатшының ресми корпоративтік поштасынан жолданады. Ғалым хатшының міндеттерін басқа адамдарға, оның ішінде докторантқа жүктеуге жол берілмейді.

**2.10 Диссертациялық кеңестің жабылуына мыналар негіз болады:**

- ✓ Комитеттің докторантқа дәреже беруден бас тартуға немесе қайта қорғауға жіберуге негіз болған осы кеңесте қорғалған диссертациялар бойынша 3 (үш) және одан да көп шешімі;
- ✓ докторантуралың тиісті кадрларды даярлау бағыты бойынша білім беру қызметімен айналысуға берілген лицензиясынан айыру;
- ✓ докторантуралың білім беру бағдарламасының аккредиттеу мерзімінің аяқталуы немесе аккредиттеуді кері қайтарып алу;
- ✓ осы Үлгі ереже талаптарының бұзылуы анықталған 5 (бес) қорғауды өткізуі.

Диссертациялық кеңес жабылғаннан кейін осы кеңесті білім беру бағдарламалары бойынша құру туралы өтінім 1 (бір) жылдан кейін беріледі.

**2.11 Диссертациялық кеңестің осы Үлгі ережеде белгіленген талаптарды бұзуы диссертациялық кеңестің тұрақты құрамын ауыстыруға негіз болады (3 (үш) қорғау бұзушылықтармен өткізуі жағдайда)**

**3. Диссертациялық кеңес функциялары:**

**3.1 Диссертациялық кеңес функциялары:**

- ✓ диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау;
- ✓ диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін, қорғау күнін және ресми рецензенттерді тағайындау;
- ✓ диссертациялық кеңес мүшелерінің құрамынан докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін комиссия (бұдан әрі – Диссертациялық кеңестің комиссиясы) құру;
- ✓ диссертацияның ашық түрде қорғауды өткізу;
- ✓ диссертация бойынша шешім қабылдау;
- ✓ осы Ережеде белгіленген басқа да функциялар.

**3.2 Диссертациялық кеңестің мүшелері:**

- ✓ обьективті, толық және дәйекті мәліметтерді ұсынады;
- ✓ диссертация қорғауға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;
- ✓ ғылыми этиканың бұзылу фактілеріне ден кояды;

- ✓ шешім қабылдағанда қоғамдық пікірдің, тараптардың бірінің немесе үшінші тараптың әсеріне тәуелді болмайды;
- ✓ мұдделер қақтығысының алдын алу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;
- ✓ қызмет бабында кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттердің ары мен абыройына нұқсан келтіретін дөрекі, қорлайтын сөздерді, айыптауларды пайдаланбайды.

Осы тармақта көрсетілген талаптардың орындалмау фактілері анықталған жағдайда диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

- 3.3 Күнтізбелік жыл аяқталған соң диссертациялық кеңес Қосымша 1-ге сәйкес нысан бойынша Комитетке диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп береді.
- 3.4 Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп университеттің интернет-ресурсында күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады.
- 3.5 Диссертациялық Кеңес докторант ұсынған диссертацияны диссертациялық жұмыс нысанында немесе докторант Қағидалардың 5-1-тармағының талаптарына сәйкес жариялаған мақалалар сериясын қорғауды жүргізеді.

#### **4. Диссертациялық жұмысты қорғауға жіберуге қойылатын талаптар**

- 4.1 Диссертациялық жұмысты қорғауға докторантуралың білім беру бағдарламасының толық курсын менгерген және Ереженің 5, 6, 7-тармақтарының талаптарына сәйкес орындалған диссертациялық жұмыстарды тіркеуге ұсынған докторанттар жіберіледі.
- 4.2 Ғылыми жарияланымдардың Ереженің 6-тармағына сәйкестігін тексеру үшін докторант ғылыми хатшыға келесі құжаттарды тапсырады:
  - ✓ Web of Science (Clarivate Analytics) деректер базасында импакт-факторы бар және (немесе) Scopus базасында индекстегін журналдарда жарияланған ғылыми еңбектерінің тізімін электронды және қағаз түріндегі тізімі. Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы жарияланымдар «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» (ары қарай – YFTCO) акционерлік қоғамның анықтамасымен расталады;
  - ✓ докторант оқыған ЖОО-ның диссертация тақырыбын және ғылыми кеңесшілерін бекіту туралы, сондай-ақ диссертация қорғауға жіберу туралы бұйрықтарынан үзінді көшірме немесе бұйрықтардың көшірмелері;
  - ✓ оқу орны қуәландырған докторанттың кәсіптік оқу бағдарламасын игеру туралы транскриптің көшірмесі;
  - ✓ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі туралы дипломдардың көшірмелері, қосымшаларымен бірге.

#### **5. Кафедрада және (немесе) құрылымдық бөлімшеде диссертацияға алдын ала сараптама жүргізу тәртібі**

- 5.1 Докторант оқыған ЖОО қорғауға құжаттарды қабылдауға дейін ЖОО-ның бейінді бөлімшениң не құрылымдық бөлімшесінің ғылыми (академиялық) кеңесінің кеңейтілген отырысында (бұдан әрі – кеңейтілген отырыс) диссертацияны алдын ала талқылауды өткізеді. Кеңейтілген отырыс өткізуден 1 (бір) ай бүрын диссертация докторанттың ғылыми зерттеу саласы бойынша ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар

- 2 (екі) мамандар рецензияға жолданады. Рецензиялар докторантқа кеңейтілген отырысқа дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.
- 5.2 Кеңейтілген отырысқа бейінді (құрылымдық) бөлімше мүшелерінің кемінде 2/3-сі (үштен екісі), рецензенттер, құрылымдық бөлімшениң ғылыми немесе академиялық кеңесінің мүшелері, ғылыми кеңесшілер, сондай-ақ ЖОО-ның аралас (мәндес) кафедраларының және (немесе) құрылымдық бөлімшелерінің, ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдері, практик мамандар (қолданбалы сипаттағы диссертациялар үшін) қатысады. Ғылыми кеңесшілер болмаған жағдайда олардың докторанттың диссертациясын берген пікірлерін отырыста кафедраның немесе университеттің құрылымдық бөлімшесінің менгерушісі не оның орынбасары оқиды.
- 5.3 Диссертацияны орындау орны бойынша кеңейтілген отырыста алдын ала сараптау және диссертацияны талқылау рәсімі мыналарды қамтиды:
- ✓ кеңейтілген отырыс тәрағасының сөз сөйлеуі (ғылыми кеңесшілерді, диссертациялық зерттеу тақырыбын бекіту күндерін, докторантура бағдарламасы шеңберіндегі ғылыми тағылымдамалардың мерзімдері мен орнын, диссертация материалдарының баспасөзде жариялануының толықтығын жария етеді);
  - ✓ докторанттың сөзі;
  - ✓ кеңейтілген отырысқа қатысушылардың сұраптары, докторанттың жауаптары;
  - ✓ ғылыми кеңесшілердің сөз сөйлеуі немесе, олар болмаған жағдайда, пікірлерді жариялау;
  - ✓ рецензенттердің сөз сөйлеуі;
  - ✓ докторанттың рецензенттердің ескертулеріне жауаптары және олардың тілектері мен ұсынымдары бойынша қорытындылары;
  - ✓ кеңейтілген отырысқа қатысушылардың талқылауы;
  - ✓ қорытындыны ашық дауыс беру арқылы қарапайым көпшілік дауыспен қабылдау.
- 5.4 Қорғауға ұсыну немесе ұсынбау туралы диссертация бойынша қорытынды кафедраның және (немесе) құрылымдық бөлімшениң кеңейтілген отырысының хаттамасы турінде ресімделеді, кеңейтілген отырыстың тәрағасы, хатшысы қол қояды және ғылыми-зерттеу қызметі жөніндегі проректор бекітеді. Қорытындыда: зерттеу тақырыбының өзектілігі, ғылыми нәтижелер, олардың негізділігі мен жаңағының, ғылыми нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы, олардың сенімділік дәрежесі, докторанттың ғылыми нәтижелерді алуда жеке қатысуы, қорғауға шығарылатын ережелердің дәлелденгендігі, Ереженің 6-тармағының талаптарына сәйкес диссертация материалдарын баспасөзде жариялаудың толықтығы, ескертулер мен ұсыныстар, қорғауға ұсынымдар немесе ұсынымдар туралы қорытынды болады.
- 5.5 Диссертацияны «ХАТУ» АҚ-ның бейінді кафедрасының кеңейтілген отырысында талқылау рәсімін және басқа жоғары оку орындарының докторанттары алдын ала сараптамадан міндетті түрде етеді.

## **6. Диссертациялық кеңеске докторлық диссертациялар ұсыну тәртібі**

- 6.1 Кеңейтілген отырыстың оң қорытындысын алғаннан кейін докторант өзі оқытын ЖОО-ның басшысына қорғайтын диссертациялық кеңесті таңдау туралы өтініш береді. Егер докторант басқа ЖОО-ның диссертациялық кеңесін көрсетсе, онда докторант оқыған ЖОО-на 10 (он) жұмыс күні ішінде оның күжаттарын Университет бланкінде шығарылған жетекшілік ететін проректордың қол қойған іліспе хатпен диссертациялық кеңеске жібереді.

6.2 «ХАТУ» АҚ-ның диссертациялық кеңесіне келесі құжаттар ұсынылады:

- ✓ берік түптелген және электронды тасымалдағыштағы диссертациялық жұмыс (егер диссертация диссертациялық жұмыс нысанында қорғалатын болса);
- ✓ жалпы көлемі 1 (бір) баспа параграфан кем емес көлемдегі қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотация;
- ✓ отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілердің жұмыс орнында куәландырылған пікірлері. Шетелдік кеңесші пікірінің аудармасы нотариалды куәландырылуы тиіс;
- ✓ жетекшілік ететін проректор бекіткен оң қорытындысы мен қоргауға ұсынымы бар бейінді кафедраның және (немесе) диссертация жүргізілген құрылымдық бөлімшениң кеңейтілген отырысының хаттамасы;
- ✓ докторант оқыған университеттің ғылыми хатшысы куәландырган ғылыми еңбектер тізімі және басылымдардың көшірмелері;
- ✓ докторант оқыған ЖОО-ның Әдеп комиссиясының зерттеу объектілерінің (тірі табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы (Косымша 2-ге сейчас).

Диссертациялық жұмыс қазақ немесе орыс немесе ағылшын тілдерінде ұсынылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттарды тіркеуді диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы жүзеге асырады және оларды 2 (екі) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде диссертациялық кеңеске ұсынады.

6.3 Диссертацияны қорғауға қабылдау жөніндегі диссертациялық кеңестің отырысында кеңестің тұрақты құрамы осы Үлгі ереженің 5-тармағының талаптарына сәйкес диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін тағайындаиды.

6.4 Құжаттар қабылданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей диссертациялық кеңес диссертацияны қорғау күнін белгілейді және ғылыми дәрежесі (ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) ресми рецензентті тағайындаиды. Рецензенттерде докторанттың зерттеу саласы бойынша Комитеттің Басылымдар тізбесіне және/немесе Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) немесе Scopus (Скопус), деректер базасына енгізілген журналдарда және /немесе шетелдік рецензияланатын басылымдарда 5 (бес) ғылыми мақаласы немесе 1 (бір) монографиясы (жеке жазылған) бар.

Диссертацияны қорғау күні диссертацияны қорғау күнін белгілеу күнінен 3 (үш) айдан аспауға тиіс. Қорғау күнін белгілеу кезінде докторанттар құжаттарының түсу кезегі сақталады.

6.5 Диссертациялық кеңес ресми рецензенттерді тағайындау кезінде рецензенттердің, ғылыми кеңесшілердің бір-біріне тәуелді болмау принципін басшылыққа алады.

Мыналар ресми рецензент бола алмайды:

- ✓ Комитет қызыметкерлері;
- ✓ докторанттың диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстарының тең авторлары;
- ✓ диссертация орындалған және (немесе) докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (тең орындаушы) болып табылатын ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілген ЖОО-ның және (немесе) ғылыми ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және қызыметкерлері;

- ✓ соңғы 3 (үш) жылда диссертацияның мазмұны бойынша Комитеттің теріс шешімін алған диссертациялар бойынша оң қорытынды берген ғылыми кеңесшілер немесе ресми рецензенттер болған мамандар;
- ✓ жақын туыстар – ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер.

6.6 Ресми рецензенттер диссертация мен жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде диссертациялық кеңеске осы Ережеге 3-қосымшага сәйкес нысанда жазбаша пікірлерін ұсынады.

Егер диссертация мақалалар сериясы нысанында қоргалатын болса, ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаланың ғылыми деңгейін зерделейді. Егер мақаланың 2/3 (үштен екі) және одан көп бөлігінің докторанттың зерттеу тақырыбымен байланысы болмаса, оны ресми рецензент ескермейді.

6.7 Ресми рецензенттер пікірлерінде мына шешімдердің бірін көрсетеді:

- 1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қоргалатын жағдайдан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту.

6.8 Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертацияны қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі. Ресми рецензенттер жазбаша түрде бас тартқан немесе рецензиялауға мүмкіндік болмаған жағдайда ауыстырылады. Егер ресми рецензентті ауыстыру туралы шешім 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктіріліп қабылданса, қорғау күні ауыстырылады.

6.9 Диссертациялық кеңес Университеттің интернет-ресурсында докторанттардың қорғауы және кеңес қызметі туралы мынадай материалдарды (мемлекеттік қупияларды немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын материалдар мен диссертациялардан басқа) орналастырады:

- 1) докторант, диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері және ресми рецензенттер туралы ақпаратты, диссертацияны ұсыну нысанын, мекенжайын, күні мен уақытын (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын, тұрақты негізде қолжетімді болады) көрсете отырып, алдағы қорғау туралы хабарлама;
- 2) диссертация (қорғаудың белгіленген күніне дейін 1 (бір) ай бұрын), сондай-ақ оның диссертациялық кеңестің ескертулері бойынша титул параграфында тиісті белгілері бар пысықталған барлық нұсқалары (тұрақты негізде қолжетімді);
- 3) көлемі 15 беттен аспайтын қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі аннотация (белгіленген қорғау күніне дейін 1 (бір) ай бұрын). Аннотацияда қорғауға шығарылатын диссертациялық зерттеудің тақырыбы, мақсаты, зерттеу міндеттері, зерттеу әдістері, негізгі ережелері (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар), зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы, алынған нәтижелердің жаңашылдығы мен маңыздылығының негіздемесі, ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі, докторанттың әрбір жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы жазылады;
- 4) докторант жарияланыларының тізімі (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);

- 5) ғылыми консультанттардың қорғаудан кейін 5 (бес) ай ішінде қолжетімді болатын пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);
- 6) ресми рецензенттердің пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 5 (бес) жұмыс күні бұрын) (3-қосымшаға сәйкес);
- 7) қорғаудың толық көлемдегі бейнежазбасы, монтажға жол берілмейді (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін 5 (бес) ай бойы қолжетімді);
- 8) диссертациялық кеңестің диссертациялық жұмысты пысықтауға, қайта қорғауға жіберу туралы немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы қорытындысы (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді);
- 9) апелляциялық комиссияның шешімі (болған жағдайда, шешім қабылдағаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және шешім қабылдағаннан кейін кемінде 5 (ай) ішінде қолжетімді);
- 10) диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп (күнтізбелік жыл аяқталғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады) (1-қосымшаға сәйкес);
- 11) қорғаулар өткізу күнінің, уақытының, орнының өзгеруі және ресми рецензенттердің ауысуы туралы хабарландыру (болған жағдайда);
- 12) диссертациялық кеңестің құрамы туралы акпарат және диссертациялық кеңес қызметінің тәртібі;
- 13) қолданыс мерзімдерін көрсете отырып, мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелерінің, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша лицензиялық жүйелерінің бар болуы туралы акпарат;
- 14) докторант оқыған ЖОО-ның жаңындағы Әдеп комиссиясының зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы (2-қосымшаға сәйкес);
- 15) диссертациялық кеңестің бейнеконференция нысанындағы online (онлайн) отырысын өткізуі үйімдастыру жөніндегі акпарат.
- 6.10 Диссертациялық жұмыс Университеттің интернет-ресурсында орналастырылғаннан және (немесе) диссертация қабылдағаннан кейін (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын материалдары бар диссертациялар қорғалған жағдайда оның соңғы нұсқасы философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешім қабылданғаннан кейін Университеттің интернет-ресурсында «Диссертациялық жұмыстың соңғы нұсқасы» деген белгімен орналастырылады.
- Университеттің интернет-ресурсында диссертация мазмұны бойынша бейресми пікірлерді орналастыру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі, кейін олар қорғауда ұсынылады. Авторын белгілеу мүмкін емес және автордың электрондық поштасы көрсетілмеген бейресми пікірлер қорғауда ұсынылмайды.
- 6.11 Алдағы қорғау туралы хабарламаны диссертациялық кеңес қорғауға қабылдау күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Комитетке жолдайды.
- 6.12 Қорғауға қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңес докторанттың отандық және халықаралық деректер базалары бойынша плагиатты

пайдалануын тексеру үшін диссертацияны "Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық саралтама орталығы" акционерлік қоғамына (бұдан әрі – ҰМФТСО) жібереді. Титул беті және пайдаланылған әдебиеттер тізімі plagiatқа тексерілмейді.

ҰМФТСО диссертация түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оның мәтінін ашық қолжетімді түрде өзінің интернет-ресурсында орналастырады. Диссертация тұрақты күйде қолжетімді болады.

- 6.13 ҰМФТСО анықтамасында, ресми рецензенттердің пікірлерінде және ЖЖОКБҰ-ның интернет-ресурсындағы бейресми пікірлерде көрсетілген plagiat фактілері болған кезде Диссертациялық кеңес комиссиясы диссертацияны plagiatқа тексереді. Тексеру нәтижелері туралы қорытынды диссертациялық кеңеске диссертация қоргауға дейін 8 (сегіз) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.
- 6.14 Диссертациялық кеңестің комиссиясы осы Ереженің 6.13-тармағында көрсетілген жағдайларда докторанттың мәтінді пайдаланған деректің авторына және дереккөзге сілтеме жасамай пайдалануына диссертацияны тексеру үшін саны 3 (үш) адамнан аспайтын Диссертациялық кеңес мүшелері қатарынан құрылады. Комиссия құрамына докторанттың ғылыми жетекшісі, сондай-ақ осы Ереженің 2.2-тармағында көрсетілген докторантпен немесе оның ғылыми кеңесшісімен үлестес тұлғалар кіре алмайды.
- 6.15 Диссертациялық кеңес Диссертациялық кеңес комиссиясының қорытындысы негізінде (қоргауға дейін кемінде 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмей) докторантты қоргауға жіберу туралы шешім қабылдайды немесе диссертацияны қоргаудан алып тастайды. Диссертациялық кеңес қабылданған шешім туралы докторантқа 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлайды, сондай-ақ Университеттің интернет-ресурсында орналастырылады.
- 6.16 Докторанттың диссертациясын қоргауға дейін 7 (жеті) күннен кешіктірмей қоргаудан алып тастауға мүмкіндігі бар.

## **7. Докторлық диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес отырысын өткізу тәртібі**

- 7.1 Диссертацияны ашық т.рде қорғау ғылыми пікірталас сипатында болуы және жоғары талапшылдық, принциптілік және ғылыми этиканы сақтау жағдайында өтуі тиіс, бұл ретте диссертацияда қамтылған ғылыми және практикалық сипаттағы нәтижелердің, қорытындылар мен ұсынымдардың жаңалығы, негізділігі жан-жақты талдауға ұшырауы тиіс.
- 7.2 Диссертациялық Кеңестің бір отырысында 1 (бір) диссертацияны қорғау жүргізіледі 1 (бір) күн ішінде 2 (екі) отырыстан аспайды.
- 7.3 Диссертациялық кеңестің төрағасы, төраға орынбасары және ғалым хатшысы докторанттың ғылыми кеңесшілері болып табылған жағдайда, диссертацияны қарау кезінде диссертациялық кеңестің отырысында өз міндеттерін орындаі алмайды. Диссертациялық кеңес төрағасының міндеттерін орындау диссертациялық кеңестің шешімімен төраға орынбасарына, төраға орынбасары мен ғалым хатшының міндеттерін орындау диссертациялық кеңестің шешімімен оның мүшелеріне жүктеледі.  
Төраға, төраға орынбасары мен ғалым хатшы бір мезгілде болмаған жағдайда диссертациялық кеңестің отырысы өткізілмейді.  
Диссертациялық кеңес диссертация қорғалуының толық көлемде бейнежазбаға түсірілуін қамтамасыз етеді, монтажға жол берілмейді.

- 7.4 Диссертациялық кеңестің отырысы егер оның жұмысына мүшелерінің кемінде 2/3-і (үштен екісі) қатысқанда занды болып саналады. Ресми рецензенттердің және диссертациялық кеңестің уақытша тағайындалған мүшелерінің отырысқа қатысуы міндетті болып табылады. Диссертациялық кеңес мүшелері және ресми рецензенттер қорғауға бейнеконференция нысанында қатыса алады. Диссертацияны ашық қорғау интернет желісінде тікелей онлайн трансляция режимінде өтеді. Отырысқа практикалық саланың шақырылған мамандарының қатысуына жол беріледі (диссертация колданбалы сипатта болса).
- 7.5 Диссертациялық кеңес докторантқа, диссертациялық кеңес мүшелеріне, ресми рецензенттерге диссертациялық кеңес отырысын бейнеконференция нысанында өткізетіні туралы электрондық пошта және кеңестің сайтында хабарлама беру арқылы диссертация қорғауға кем дегендे 5 (бес) жұмыс күні қалғанда хабарлайды.
- 7.6 Диссертациялық кеңес отырысты бейнеконференция нысанында өткізгенде:
- ✓ отырысқа қатысатындардың визуалды идентификациясы;
  - ✓ интернет желісінде отырысқа қатысушылар сөздерінің ұздіксіз бейне- және аудио трансляциясы;
  - ✓ отырыстың бейне- және аудиожазбасы;
  - ✓ диссертациялық кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беруі қамтамасыз етіледі.
- 7.7 Диссертацияны қорғау жөніндегі диссертациялық Кеңес отырысының рәсімі мыналарды қамтиды:
- ✓ төрағаның кворум, отырысты өткізу құқығы туралы кіріспе сөзі, PhD докторанттының, мамандығының және диссертация тақырыбының ұсынылуы;
  - ✓ ғылыми жарияланымдардың толықтығы мен сәйкестігін көрсете отырып докторант құжаттарының нормативтік талаптарға сәйкестігін жариялау үшін ғылыми хатшының сөз сөйлеуі;
  - ✓ PhD докторанттының баяндамасы (20 минутқа дейінгі баяндама);
  - ✓ докторантқа сұрақтар, PhD докторанттының жауаптары;
  - ✓ ғылыми кеңесшілердің сөз сөйлеуі;
  - ✓ рецензенттердің сөз сөйлеуі;
  - ✓ PhD докторанттының рецензенттердің ескертулеріне жауаптары және олардың ұсыныстары бойынша қорытындылары;
  - ✓ диссертациялық кеңеске түсken диссертацияның мазмұны бойынша бейресми Пікірлерді жариялау үшін ғылыми хатшының сөз сөйлеуі (бар болса);
  - ✓ докторанттың бейресми шолулардағы ескертулер мен ұсыныстарға жауаптары;
  - ✓ диссертациялық Кеңес мүшелерінің және диссертациялық Кеңестің отырысына қатысқандардың ішінен барлық тілек білдірушілердің талқылауы;
  - ✓ докторанттың қорытынды сөзі;
  - ✓ Комитет алдында докторантқа философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы өтінішхат мәселесі бойынша жасырын дауыс беруді өткізу;
  - ✓ диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысының жасырын дауыс беру нәтижелері туралы баяндамасы;
  - ✓ қоғамдық қорғау нәтижелерін жариялау;
  - ✓ диссертация жөніндегі диссертациялық кеңестің қорытындысын дайындау және қабылдау (ашық дауыс беру, жай көпшілік дауыспен жүзеге асырылады).

7.8 Диссертациялық кеңес келесі шешімдердің біреуін қабылдау үшін жасырын дауыс беруді жүргізеді:

- 1) Комитет алдында философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация диссертациялық жұмыс нысанында қорғалған жағдайдаған);
- 3) диссертацияны қайта қорғауға жіберу;
- 4) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден не Комитет алдында философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасаудан бас тарту.

Диссертациялық жұмыс егер оны түзету жұмыстың мәнін өзгертпей, мәтін бойынша елеусіз ескертулер болған жағдайда пысықтауға ұсынылады. Егер диссертация Қағидалардың 4 және (немесе) 6-тармағына сәйкес келмесе және (немесе) Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген қағидаттарға (академиялық адалдық қағидатын қоспағанда) ішінара сәйкес келсе, онда ол қайта қорғауға жіберіледі. Академиялық адалдық қағидаты бұзылған немесе ғылыми жаңалық, ішкі бірлік, дәйектілік қағидаттарына сәйкес келмеген жағдайда диссертация философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданады.

7.9 Докторанттың ғылым консультанты, тікелей басшысы немесе жақын туысы болып есептелетін диссертациялық кеңестің мүшелері, сондай-ақ шақырылған мамандар дауыс беруге қатыспайды. Жасырын дауыс беруде ресми рецензенттер қатысады, олардың дауыстары диссертациялық кеңес мүшелерінің дауыстарына тең. Дауыс беру онлайн сауалнамалар мен дауыс беруге арналған арнайы бағдарламалық құралдардың көмегімен жүзеге асырылады.

Еңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы шешімі, егер оған дауыс беруге қатысқандардың 3/4 (төрттен үші) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады.

Кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту, диссертацияны пысықтауға не қайта қорғауға жолдау туралы шешімі, егер дауыс беруге қатысқандардың 2/3 (үштен екісі) және одан көбі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Егер дауыстар көрсетілген санға жетпесе, қайта дауыс беру өткізіледі, онда диссертацияны пысықтауға не, егер оған отырысқа қатысып отырған кеңес мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

7.10 Қайта қорғауға жіберу немесе философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертацияның осы Үлгі ереженің, Қағидаларының қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі көрсетілген қорытынды жасайды.

Диссертациялық жұмысты қайта қорғау алдындағы қорғаудан 6 айдан кем емес уақыт өткенде осы Үлгі ережеде белгіленген тәртіппен өткізіледі. Диссертациялық кеңестің уақытша құрамы және ресми рецензенттер сақталады. Диссертация қайта қорғауға 2 (екі) реттен артық жіберілмейді.

7.11 Диссертацияны пысықтауға жіберу туралы шешім қабылданғанда диссертациялық кеңес диссертациялық жұмыс бойынша нақты ескертулер қамтылған қорытынды шығарады. Пысықталған диссертациялық жұмыс диссертациялық кеңеске үш айлық мерзімде ұсынылады, оны 3 (үш) айдан артық мерзімге ұзартуға болмайды. Пысықтау мерзімін ұзарту

туралы шешімді диссертациялық кеңес докторанттың өтініші негізінде қабылдайды. Егер пысықталған диссертациялық жұмыс белгіленген уақытта ұсынылmasa, докторант қайта қорғаудан өтеді. Докторант диссертациялық кеңестің ескертулерімен толық не жартылай келіспейтін жағдайда ол берілген ескертулерге дәйектелген жауаптарын ұсынады.

Пысықталған диссертация YMFTCO-ға плагиатқа тексеруге жіберіледі. YMFTCO анықтамасын алғаннан кейін диссертациялық кеңес ресми рецензенттермен бірге пысықталған диссертациялық жұмысты және диссертациялық кеңестің ескертулерін жою мәніне ескертулерге жауаптарды (болған жағдайда) талқылау жөнінде отырыс өткізеді. Отырыс осы Ережеде белгіленген тәртіппен өткізіледі. Бұл ретте интернетте онлайн трансляциясыз отырыстың бейнежазбасы жүргізіледі

Талқылаудан кейін жай көпшілік дауыспен жасырын дауыс беру арқылы дәреже беру немесе қайта қорғауға жіберу туралы шешім қабылданады.

- 7.12 Теріс шешім қабылданған жағдайда Диссертациялық кеңес қорытынды жасайды, онда диссертация Улгілік ереженің немесе Ереженің қандай талаптарына сәйкес келмейтінін көрсетеді.

## **8. Апелляцияны өткізу тәртібі**

- 8.1 Комитеттің немесе диссертациялық кеңестің теріс шешімі қабылданған Диссертация Улгілік Ереженің 3-тaraуында және осы Ереженің 7-бөлімінде белгіленген тәртіппен қайта қорғауға ұсынлады.

- 8.2 Диссертация қайта қорғауға ұсынылған кезде диссертациялық кеңес диссертацияда бұдан бұрын орын алған бұзушылықтардың жойылуы туралы қорытынды жасау үшін диссертациялық кеңес мүшелерінен 3 (үш) адамды тағайындаиды. Қорытынды ЖЖОКБҰ-ның интернет-ресурсында диссертацияны қорғауға дейін кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын орналастырылады және оны қорғауда есепке алынады.

- 8.3 Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляцияны докторант диссертация қорғалған Диссертациялық кеңестің шешім шығарған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде ерікті нысанда береді.

- 8.4 Апелляция берілген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде университет ректорының бүйрығымен апелляциялық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады. Комиссия құрамына тиісті мамандық бойынша ғылыми дәрежесі бар кемінде 3 маман енгізіледі. Ғылыми консультанттар, рецензенттер, диссертациялық кеңестің немесе Комитеттің сараптамалық кеңесінің мүшелері комиссия мүшелері бола алмайды.

- 8.5 Комиссия өз қызметінде осы Ережені, үлгілік ережені және Қағидаларды басшылыққа алады. Комиссия:

- 1) комиссияның Терағасын сайлайды;
- 2) диссертациялық кеңестің философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы шешіміне, сондай-ақ диссертациялық кеңестің докторлық диссертацияны қорғау рәсімі бойынша жол берген бұзушылықтар, осы Ереже мен қағидалардың өзге де бұзушылықтары фактілері бойынша апелляцияны қарайды;
- 3) тараптардан өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпаратты сұратады және алады;
- 4) ізденушінің атtestаттау ісінің материалдарын қарайды және ол құрылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде апелляция нәтижелері бойынша қорытынды дайындайды.

- 8.6 Комиссия Терағасы:

- 1) оның қызметін басқарады;

- 2) комиссия отырыстарын өткізу орны мен уақытын айқындайды;
- 3) комиссия отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді.
- 8.7 Комиссияның қорытындысын Комиссия мүшелері ашық дауыс беру негізінде көпшілік дауыспен қабылдайды және оған Комиссияның барлық мүшелері қол қояды. Дауыстар тең болған жағдайда апелляциялық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
- 8.8 Апелляцияны қарau нәтижелері бойынша комиссия мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:
- 1) апелляцияны қанағаттандыру;
  - 2) апелляцияны қанағаттандырудан бас тарту.
- 8.9 Комиссияның оң қорытындысы болған кезде комиссия хаттамаларының көшірмелері, қорытынды және диссертация түпкілікті шешім қабылдау үшін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Комитетке жіберіледі.
- 8.10 Апелляциялық комиссияның шешімі қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде докторантқа хабарланады және университеттің интернет-ресурсында орналастырылады.
- 8.11 Осы Ережемен және үлгілік Ережемен реттелмеген, оның ішінде философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту, апелляция беру мерзімін қалпына келтіру мәселелері бойынша даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген сот тәртібімен шешіледі.

## **9. Докторлық диссертацияны мемлекеттік тіркеуге және кітапханаларға жіберу тәртібі**

- 9.1 Диссертацияның қағаз және / немесе электрондық тасымалдағыштағы данасы университет кітапханасына беріледі, онда докторантқа диссертацияны кітапхана қорына тапсыру туралы анықтама беріледі.
- 9.2 Диссертацияның даналарын электрондық жеткізгіште қорғағаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасына және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына (мемлекеттік құпиялар мен қызыметтік пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын диссертациялардан басқа) береді.
- 9.3 Ғылыми хатшы философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін диссертацияны қорғағаннан кейін күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде мемлекеттік тіркеу үшін ҰМФТСО-ға мынадай құжаттарды жібереді:
- 1) ғылым мәселелеріне жетекшілік ететін проректор қол қойған университет бланкіндегі ілеспе хат;
  - 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі диссертацияның есепке алу карточкасының 3 (үш) данасы;
  - 3) диссертацияның 1 (бір) данасы қағаз және электрондық жеткізгіштерде түптелмеген түрде;
  - 4) үш тілдегі реферат;
  - 5) докторанттың ғылыми еңбектерінің тізімі.
- 9.4 ҰМФТСО жоғарыда аталған құжаттарды алғаннан кейін философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін мемлекеттік тіркеу нөмірін береді және 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде диссертациялық кеңеске мемлекеттік тіркеуді растайтын хабарлама жібереді. ҰМФТСО ұсынылған құжаттар қайтаруға жатпайды.

## **10. Докторанттың аттестаттау ісін ресімдеу тәртібі**

- 10.1 Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы диссертациялық кеңесте докторлық диссертация қорғалғаннан кейін докторанттың аттестациялық ісін жинақтайды, ол Комитетке күнтізбелік

30 (отыз) күн ішінде жіберіледі. Докторанттың аттестаттау ісінде мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) диссертацияның ҰМFTCO-ға жіберілген күні көрсетіле отырып, диссертациялық кеңес тәрағасының қол қоюымен Университеттің бланкісіндегі ілеспе қолдауhatы (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертациялардан басқа);
  - 2) электронды тасымалдағыштағы диссертация. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын диссертация да қағаз тасымалдағышта беріледі;
  - 3) диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдар тізімі мен көшірмелер;
  - 4) жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі;
  - 5) ҰMFTCO-ның диссертацияны плагиатқа тексергені туралы анықтамасы. Мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын диссертация бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты әскери, арнайы оку орындарындағы және (немесе) ғылыми ұйымдардағы комиссияның диссертацияны плагиатқа тексергені туралы анықтамасы ұсынылады;
  - 6) осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парагы;
  - 7) диссертацияны қорғау жөніндегі және пысықталған диссертациялық жұмысты талқылау бойынша (қажет болғанда) диссертациялық кеңес отырысының толық көлемдегі бейнежазбасы және төраға мен ғалым хатшы қол қойған хаттамасы;
  - 8) докторантуралың қесіптік оку бағдарламаларын менгергені туралы транскриптің көшірмесі;
  - 9) докторант туралы мәлімет (Қосымша 5);
  - 10) ғылыми кеңесшілерінің пікірлері;
  - 11) 2 (екі) рецензенттердің пікірлері.
- 1), 3), 4), 5), 6), 8) және 9) тармақшаларда көрсетілген құжаттар Комитетке "пдф (pdf)" файлы форматында сканерленген түрде ұсынылады (мемлекеттік құпияларды немесе қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтерді қамтитын аттестаттау істерінен басқа).
- 10.2 Белгіленген тәртіп бойынша Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру жөніндегі аттестаттау ісінің екінші данасы қабылдау-тапсыру актісі бойынша университет мұрағатына беріледі.

## **11. Қорытынды белім**

- 11.1 Осы Ережеде диссертациялық Кеңестің құқықтық жағдайын, оның құрылу және жұмыс істеу тәртібін регламенттейтін, белгіленген тәртіппен шығарылған нормативтік құжаттармен және Комитеттің ұйымдастырушылық-өкімдік актілерімен өзгертулуга, нақтылануы немесе толықтырылуы мүмкін негізгі нормалар ұсынылған.
- 11.2 Осы ережені өзгерту, толықтыру және жою туралы шешімді университет Басқармасы қабылдайды.
- 11.3 Диссертациялық кеңестің жұмысы үшін жалпы Жауапкершілік төрағага жүктеледі.
- 11.4 Диссертациялық Кеңестің жалпы іс қағаздарын ғылыми хатшы жүзеге асырады.
- 11.5 Диссертациялық кеңестің қызметі Комитеттің шешімі негізінде тоқтатылуы мүмкін.

### Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

«Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті» АҚ жаңындағы 8D061 – Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңес.

**Есеп мынадай мәліметтерді қамтиды:**

1. Откізілген отырыстар саны туралы деректер.
2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).
3. ЖОО-ны көрсетілген докторанттар тізімі.
4. Мынадай бөлімдерді қамти отырып, есепті жылдың ішінде кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:
  - 1) қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау;
  - 2) диссертация тақырыбының "Ғылым және технологиялық саясат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған ғылымды дамытудың басым бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;
  - 3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.
5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырыш).
6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.
7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:
  - 1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарының);
  - 2) қараудан алғып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарының);
  - 3) ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарының);
  - 4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарының);
  - 5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарының);
  - 6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарының)

**Диссертациялық кеңестің Төрағасы**

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

**Диссертацичлық кеңестің ғылыми хатшысы**

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Мер, күні 20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_

**Әдеп комиссиясының қорытындысы**  
**«Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті» АҚ**

1.	Докторанттың Т.А.Ә.	
2.	Докторантура мамандығы (білім беру бағдарламасы)	
3.	Докторантурада оқу кезеңі	
4.	Диссертация тақырыбы, бекіту мерзімі	
5.	Ғылыми көнешшілер туралы деректер – Т.А.Ә. (болған жағдайда), жұмыс орны және лауазымы, ғылыми дәрежелері, азаматтығы	
6.	Зерттеу объектілері	
7.	Ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу және жүргізу процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
8.	Ғылыми зерттеу нәтижелерін тарату процесіндегі бұзушылықтар	Бұзушылықтар анықталды немесе анықталмады. Анықталған жағдайда оларды көрсету қажет
9.	Зерттеу объектілерінің (жанды табигат пен тіршілік ортасының объектілері болғанда) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғау қалай жүргізілді?	

Әдеп комиссиясының тәрагасы

(колы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Әдеп комиссиясының хатшысы

(колы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

## Қосымша 3

## Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

p/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жаяп нұсқаларының бірін сыйзу)	Ресми рецензенттің үстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаган.	
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаган.</p>	
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) негізделген;</p> <p>2) ішінара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <p>1) айқындайды;</p> <p>2) ішінара айқындайды;</p> <p>3) айқындаамайды.</p> <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сынни талдау бар;</p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</li> <li>3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).</li> </ol> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</li> <li>3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).</li> </ol>	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми түрғыдан қараланда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) дәлелденді;</li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді;</li> <li>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</li> </ol> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жок;</li> <li>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</li> </ol> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жок;</li> <li>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</li> </ol> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тар;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) кең</li> <li>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</li> </ol> <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жок</li> <li>3) бұл тұжырымда макаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</li> </ol>	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жок.</li> </ol> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жок.</li> </ol> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жок.</li> </ol>	

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінәра расталған / расталмаған.	
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.  9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.  9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінәра жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлті ереженің 28-тармағына сәйкес)		

**Қосымша 4****Диссертациялық кеңес мүшелерінің келу парагы**

«Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті» АҚ жанындағы 8D061 – Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациялық кеңес отырысы

20\_\_ жылғы " " диссертациялық кеңестің отырысы, хаттама № \_\_

Докторант \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

8D061 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кадрларды даярлау бағыты бойынша диссертациясын қорғауы

Диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Дәрежесі	Отырысқа кательсуы
1	2	3

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

(аты-жөні, қолы)

**Ескерту:**

- "Тегі, Аты, Әкесінің аты" бағанында диссертациялық Кеңестің барлық мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты басылады.

## Қосымша 5

## Докторант туралы мәлімет

(тегі, аты, экесінің аты (болған жағдайда)

Фото  
3x4

1	Тұған күні және жері, азаматтығы, ұлты	
2	Докторантурада оқығаны туралы мәлімет (ЖОО және оку мерзімі)	
3	Докторантура мамандығы	
4	Диссертацияның қорғалған орны және күні	
5	Диссертацияның тақырыбы және жазылған тілі	
6	Ғылыми консультанттар (Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)	
7	Ресми рецензенттер (Т.А.Ә. (болған жағдайда), лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)	
8	Жарияланымдар саны, барлығы, оның ішінде:	
	Басылымдар тізбесіндегі басылымдарда	
	Web of science (Вэб оф Сайнс) және Scopus (Скопус) базасындағы шетелдік басылымда	
	халықаралық конференция материалдарында, оның ішінде: шетелдік конференция материалдарында	
9	Еңбек жолы	
Күні		Жұмыс орны, лауазымы
Қабылдау мерзімі		Мекеменің мекен-жайы
Босату мерзімі		
10	Мекен-жайы, байланыс деректері	

## Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

(қолы, тегі және аты-жөнінің бірінші әріппері)

Мер, мерзімі 20\_\_ жылғы " \_\_ "